ЖШС « Жиенбет ата» бөбекжай балабақшасы

Әдістемелік кеңестің хаттамалары

2025-2026ж

Әдістемелік кеңестің хаттамалары

№1 хаттама

Өткізілген орны: " Жиенбет ата" бөбекжай- бақшасы

Өткізілген күні: 04.09. 2025 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Р. Битуганова, әдіскер және балабақша тәрбиешілері

Күн тәртібінде каралатын мәселелер:

1. Әдістемелік кеңестің жоспарын талқылау және бекіту

Сөйледі: Әдістемелік кеңесті бөбекжай меңгерушісі Битуганова Раушан Яхшиликовна ашып беріп,педагогикалық қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Күн тәртібінде каралатын мәселемен таныстырды.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі каралатын мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскер сөйлеп, әдістемелік кеңесте каралатын мәселе туралы айтты. Кеңес әдістемелік болған соң, осы кеңесте мектепке дейінгі білім берудің әр түрлі жаңаша әдіс – тәсілдері туралы, үлгілік бағдарламадағы мақсат, міндеттерді толық орындау үшін кандай инновациялық технологияларды колдануға болатыны жайлы үйрену жұмыстары талқыланса деген ұсыныс айтты.Сонымен қатар кеңесте ашық оқу қызметтерінің өткізілуі талданып, педагогтардың сұраныстары бойынша жаңа технологияларды, әдістемелерді үйрену талқыланса деген ұсыныс айтты.

Жарыссөзге шыққандар:тәрбиеші Ертаева Сауле сөйлеп, биылғы оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатта осы модель бойынша жұмыс жүргізуіміз керектігі айтылғанын, оқу қызметтерін ойын түрінде және вариативтік бөлімге авторлық бағдарламалар дайындасақ, сонымен қатар жаңа технолияларды осы авторлық бағдарламамызда кеңінен қолданып, әр тәрбиеші шығармашылықпен ізденіп жұмыс жасасақ деген ұсыныс айтты.

Тәрбиеші Буратаева Асия сөйлеп, вариативтік бөлім бойынша авторлық бағдарламалар жазуға ізденуді жалғастыруды қолдайтынын айтса, бұл ұсыныста педагогтар түгел қолдады.

Әдіскер Раушан Битуганова сөйлеп, педагогтарға келесі әдістемелік кенеске дейін, авторлық бағдарламаларды жинақтауды жалғастыруды және оқу қызметін дайындауға тапсырма берді.

Бөбекжайдың меңгерушісі Битуганова Раушан Яхшиликовна сөйлеп, 2025-2026 оқу жылының соңына дейін модельде көрсетілгендей, әр тәрбиеші көп ізденіп, бөбекжай бойынша авторлық бағдарлама іс – тәжірибесін жалғастыруға педагогтарға тапсырма берді.

Әдістемелік кеңестің шешімі:

1. Әдістемелік кеңестің жоспары бекітілсін және кеңесте айтылған ұсыныстар жоспарға енгірілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы: **Р. Битуганова**

Хатшы: **С. Ертаева**

Әдістемелік кеңестің хаттамалары

№2 хаттама

Өткізілген орны: " Жиенбет ата" бөбекжайы

Өткізілген күні: 29.10.2025 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 5 адам

Қатысқаны: 5 адам **Қатыспағандар саны**: жоқ

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Р. Битуганова әдіскер және балабақша тәрбиешілері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Ашық ұйымдастырылған іс – әрекеттерді талдау
2. Педагогтардың сұраныстары бойынша жаңа технологияларды, әдістемелерді талқылау, үйрену
3. «Балалармен жұмысты ұйымдастырғанда цифрлық ресурстарды білім беру кеңістігін кеңейту құралы ретінде пайдалану» тәжірибе алмасу

Сөйледі: Әдістемелік кеңесті бөбекжай меңгерушісі Раушан Битуганова ашып беріп,педагогикалық қызметкерлерді күн тәртібінде қаралатын мәселемен таныстырды.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі қаралатын бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері Р. Битуганова сөйлеп, қазан айында ересек «Балауса» тобы тәрбиешісі С. Ертаева ашық ұйымдастырылған іс – әрекет өткізгенін айтып, іс – әрекетке қатысқан педагогтардан өз пікірлерін айтуды айтты.

Жарыссөзге шыққандар:тәрбиеші Буратаева Асия сөйлеп, мектепалды «Балауса» тобы тәрбиешісі З.Оралбекованың Құрастыру және робототехника» «STEM- технологиясы бойынша ұйымдастырылған іс – әрекет жақсы дайындықпен өткізгенін және балаларды ойындарды ойната отырып, өз мақсатына жеткенін, жаңаша кіріктірілген ойын қолдану арқылы балаларды дамытқаны тиімді тәсіл болды деп санаймын деді.

Тәрбиеші Токтар Диана сөйлеп, іс – әрекеттердің өткізілу әдіс – тәсілдеріне он баға берді. Ойындарды жаңаша өзінің ізденісімен өткізгені, ягни тапсырманы орындағанда балалардың әрі қимылын дамытты, әрі жақсы тани білді деп санаймын.Тәрбиешілер ойын арқылы бағдарлама міндетін орындалы деп санаймын.

Әдіскер Р. Битуганва сөйлеп, іс - әрекеттерге педагогтардың жақсы ізденіспен дайындалғанын, Тәрбиешелер өз шеберліктерін қолданып, әдіс – тәсілдерді өз шығармашылығымен, ягни сыни тұрғыдан талдайтын және шығармашылық эксперименттер жүргізуге қабілетті, балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы тәрбиешіге ұқсауға ұмтылған тәрбиешінің іс – әрекеті деп бағалаймын деді.Оралбекова Зәурештің жұмысында көп ізденіс бар, балаларға бағыт бере отырып, физикалық және танымдық қабілеттерін дамыту үшін түрлі ойындар қолданды. Бала ойнай

отырып жүгірді, тапсырма орындады.Биылғы оқу жылындағы өзгерістер талаптарын орындап, ойын тәсілімен, баланың қызығушылығын ескере отырып өткізді деп қорытындылады.

Бөбекжайдың меңгерушісі Битуганова Раушан сөйлеп, іс - әрекеттердің өткізілуіне жақсы деген баға беріп, тәрбиешілерді алда тағы шығармашылық ізденуге шақырды.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжайдың тәрбиеші Буратаева Асия тәрбиешілердің сұранысы бойынша жаңартылған бағдарламаны оқу қызметтеріне қалай қолдануға болатыны жайлы тәжірибе алмасу өткізді, өз іс – тәжірибесімен бөлісті. Педагогтар жаңартылған бағдарлама курста білімін жетілдіріп келгендегі әдіс – тәсілдер мен бір – бірімен пікір алмасты.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдістемелік кеңес барысында «Балалармен жұмысты ұйымдастырғанда цифрлық ресурстарды білім беру кеңістігін кеңейту құралы ретінде пайдалану» тәжірибе алмасылып. бөбекжай – бақшаның әдіскер Битуганова Р «Педагогтердің кәсіби шеберлік деңгейін арттыру», « Бейнероликтерді монтаждау бойынша шеберлік сағаты», «Әлеуметтік желілерге арналған фотосуретке түсіру бойынша шеберлік сағаты» өткізілді.

Әдістемелік кеңестің шешімі:

1.Ересек «Балауса» тобы тәрбиешісі С. Ертаева өткізген ашық ұйымдастырылған іс – әрекеттер әдістемесі жақсы деп бағалансын.

2. Педагогтардың сұраныстары бойынша жаңа технологияларды, әдістемелерді талқылау, үйрену жалғастырылсын.

3. «Балалармен жұмысты ұйымдастырғанда цифрлық ресурстарды білім беру кеңістігін кеңейту құралы ретінде пайдалану» жұмыстары жалғастырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: **Р. Битуганова**

Хатшы: **С. Ертаева**